

ШЕТ АУДАНЫ ОРОНИМДЕРІНІҢ КЕҢІСТІКТІК ТАРАЛУЫНДАҒЫ
ЗАҢДЫЛЫҚТАР

А.Е. Егинбаева * PhD, доцент, Қ.Т. Сапаров г.ғ.д., профессор

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ҚеАҚ, Астана қ., Қазақстан
E-mail: aeginbaeva@mail.ru

Мақалада Қарағанды облысы Шет ауданының жер бедері ерекшеліктерін сипаттайтын оронимдер жүйесі жөнінде сөз болады. Алуан түрлі жер бедері пішіндерімен ажыратылатын аумақтың оронимдер жүйесінің таралуы мен шоғырлануының кеңістіктік заңдылықтары, оротерминдердің топонимдер құрамындағы белсенділігі нақты деректер негізінде сараланып, кесте, карта жүзінде дәлелденді. Сонымен қатар ландшафттық ерекшеліктерге негізделген оронимдердің типтік түрлерінің географиялық атаулардағы бейнелену дәрежесі мен этимологиялық зерттеулер жүргізілген.

Түйін сөздер: ландшафттық жүйе, ороним, жер бедері пішіндері, метафоралық терминдер, геоморфологиялық қалқандар, табиғат жағдайы, индикатор-терминдер, Қазақтың ұсақ шоқысы, географиялық түсінік.

Қабылданды: 11.02.2023

DOI: 10.54668/2789-6323-2023-108-1-19-27

КІРІСПЕ

Топонимия ғылымында жер бетін құрғақ (аумақ) және сулы жерлер (акватория) деп бөлу географиялық заңдылық. Құрғақ жердің жер бетінен жоғары жатқан бедері (тау, төбе, шоқы, қырат, адыр және т.б.) мен төмен жатқан бедері (жазық, шұқыр, ойпат, сай, ойпаң және т.б.) ороним (гр. *oros* «тау»+ *opoma* «есім») деп аталады. Оронимдер табиғи нысандардың нақтылы атаулары ретінде көне атаулар қатарына жатады. Ол атаулар ойконимдерге қарағанда көбінесе тұрақты, өзгеріске жиі ұшырамайтын болып келеді. Олардың бұлай тұрақты болуы белгілі бір аймақтағы топонимдердің құрамындағы көне субстраттық қабаттардың сақталуын анықтау үшін де үлкен септігін тигізеді (Yeginbayeva A.Ye., 2015).

**ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН
ӘДІСТЕРІ**

Ғалым Е. Керімбаев Қазақстан оронимдерін лингвистикалық тұрғыда жан - жақты зерттеген. Қазақ тілінің тарихы мен

лексикологиясынан және географиялық, тарихи – этнографиялық тұрғыдан бай мағлұмат беретіндігін ғылыми тұрғыдан толық дәлелдеді. Ғалым: «Қазақстан оронимдері мен орографиялық терминдерінің шығу тегі мен пайда болуы, дамуына тұрақты түрде әсер етуші факторлар – географиялық орта (республика территориясындағы таулы және ұсақ шоқылы жер бедері)» мен қазақ этносының көп ғасырлық мәдени-тарихи, шаруашылық кәсібімен тікелей байланысты көшпенді өмірі және де халықтың экономикалық-шаруашылық, әлеуметтік – мәдени тірлігінің жер шаруашылығы, ескі дін т.б. жағдайлары себеп болды» деп жазады (Керімбаев Е.А., 1988).

Орографиялық терминдерге географ - ғалымдар Ғ.Қонқашбаев, Г.Ц. Медоев, Э.М. Мурзаев, белгілі ономаст ғалымдар Т. Жанұзақ, Б.Н. Бияровтың еңбектерінде жан - жақты талқылау жүргізіп, сипаттаған. Қарағанды облысының аудандары бойынша оронимдерін зерттеген ғалымдардың бірі К.Д. Каймулдинова өз зерттеулерінде оронимдердің терминдік құрылымын анықтай отырып, топонимикалық белсенділігі

жоғары терминдерді атап көрсетті (Каймулдинова К.Д., 2010). Ғалым А.Е. Егинбаева Сарыарқаның жер бедері пішіндері мен типтік түрлерінің географиялық атаулардағы көрінісі және этимологиясын жан – жақты талдап, зерттеу жүргізген (Егинбаева А.Е., 2019).

ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазақстанның басқа облыстарындағы сияқты ірілі - ұсақты таулар, ұсақ шоқылы, жоталы, төбе – төбешікті жерлер Қарағанды облысында да баршылық. Облыста 2179 оронимдік атау бар. Соның ішінде 532 ороним атауы Шет ауданында кездеседі. Шет ауданы Сарыарқаның оңтүстік, оңтүстік – батыс аумағының дала белдемінде орналасқан. Жер бедері ұсақ шоқылы, төбелі, белесті, аласа таулы, қыратты болып келеді. Ауданның оңтүстігін Балқаш көлі, шығысын Қарқаралы тауларының сілемдері, оңтүстік шығысын Қызыларай таулары, батысын Бетпақдала, Қызылтау, Ақтау, Ортау таулар тізбесі алып жатыр. Орта бөлігінде Бұғылы, Тағылы, Қотыр, Қызылтау таулары орналасып, Тектұрмас шоқыларымен аяқталады (Saparov K.T. et al., 2017).

Ғ. Қоңқашбаевтың пікірінше, қазақ

халқының географиялық атаулардың 72%-ын табиғат жағдайды (жер бедері, климат және т.б.), 28% халықтың шаруашылығы мен өмір салтын (көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік) көрсетеді. «Жергілікті географиялық терминдер – көптеген географиялық атаулардың этимологиясын анықтауда маңызды рөл атқарады. Дәл осы терминдер топонимдердің мағынасын, оған әсер еткен табиғи – географиялық, әлеуметтік және т.б. туралы мәліметтер береді» (Конкашпаев Г.К., 1949). Географиялық нысандарға ат қою үшін халық ерекшелік алған белгілері бұл нысанды басқаларынан айқын ажырататындай болуы шарт, яғни топонимдердің өзі осы айырмашылықты ажырату үшін қойылады. Географиялық ортадағы табиғат жағдайларын нақты бейнелеуге топонимдер құрамында болатын халықтық және жергілікті географиялық терминдер себепші болады. Топонимика ғылымында физикалық географияның нысандарының типін, ландшафттық - белдемдік ерекшеліктерін, морфологиялық сипатын, шығу тегін сипаттайтын сөздер тобын индикатор – терминдер деп атайды (Saparov K., Yeginbayeva A.Ye., Chlachula J., 2018). Зерттеу жұмысында Шет ауданы жер бедерін сипаттайтын индикатор – терминдерді анықтадық (кесте 1).

Кесте 1

Шет ауданының оронимдеріндегі индикатор – терминдер

| Оронимдер | Индикатор терминдер |
|--|--|
| Жер бетінің көтеріңкі бөлігін анықтатын | адыр, бұйрат, биік, жар, оба, тау, тас, төбе, шоқы |
| Жер бетінің төмен жатқан бөлігін анықтатын | сай, ой |
| Жер бетінің бейтарап бөлігін анықтайтын | жер, сор, тақыр, шұбар, |
| Орографиялық метафоралар | айдар, ақ, аяқ, бас, бел, бор, жал, қара, қоңыр, қызыл, сары, тұмсық |


Табиғи орта мен адамзаттың шаруашылық әрекеті географиялық атаулардың қалыптасуы мен дамуында маңызды рөл атқарады. Көшпелілер жайлау, қыстауларды жер бедері пішіндерін, табиғи

жағдайларын, өсімдік жамылғысының әртүрлілігін, су көздерін ескере отырып таңдаған. Көшпелілер үшін жер бедері түрлерін нақты белгілеумен қатар номенклатурадағы жіктелуін де біліп отыру маңызды болды.

Жер бедерін анықтауда (түсі, пішіні, көлемі, өсімдік жамылғысы) көшпелілер аумақтың жер бедерін сипаттайтын терминдер жүйесін қалыптастырды (Сапаров К.Т. және т.б., 2020).

Шет ауданындағы оронимдерді «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» 6 томы материалдарының негізінде жүйелеу және лексикалық – семантикалық тұрғыдан талдау арқылы жинақталған деректерді


статистикалық әдіс көмегімен өңдеуден өткіздік (ҚР географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 2016). Сарыарқадағы жер бедерінің басты сипаты әсіресе индикатор қызметін атқаратын орографиялық терминдер арқылы бейнеленген. Аудан аумағындағы оронимдер құрамында тас (62 атау), тау (40 атау), шоқы (28 атау) терминдерінің басым түрде атаулар жасауға қатынасатынын анықтадық (сурет 1).



Сур.1. Аумақтың оронимдер картасы.

Қазақтың ұсақ шоқыларына еніп жатқан аумақтардың оңтүстік–батыс бөлігі аласа-шоқылы, төбелі болып келетін қалдық массивтер жер бедерінің пішініне байланысты, «тас», «тау», «төбе» терминімен сипаталады. Тас – термині 62 - ге жуық топонимдерде көрініс тапты. Тас - термині оронимдерде негізінен «қатты, яғни түп жыныс» деген мағыналық жүктемеге сәйкес келеді (Конкашбаев Г.К., 1951). Тау

жыныстарының қаттылығы, пішіне сәйкес келетін оронимдер: Беріктас, Шоқпартас, Шойынтас, Қорғантас, Керегетас, Сынтас тау атауларында кездесіп отыр. Ақ, қара, көк, қоңыр, сары сөздері арқылы қалыптасқан оронимдер тау жыныстарының түсі арқылы ажыратылуы мүмкін. Кейде қай атауда, қандай мәнде тұрғанын анықтау үшін, жеке – жеке этимологиялық талдау қажет.



Сур. 2. Шет ауданының жер бедерін сипаттайтын терминдердің топонимдердегі көрінісі.

Тау деп айналасындағы жерден едеуір көтеріңкі биік жердің жалпы атауы аталады. Оронимдерде жиі кездесетін терминнің бірі- «тау» (40 атау). Бұл терминге жер бедері пішінін (*Жалпақтау, Тартау, Текше-тау, Ұзынтау, Биіктау*) және тау жыныстарынан ақпар беретін және түсін сипаттайтын (*Ақтау, Көктау, Қызылтау, Сортау, Борлытау, Тастау, Қаратастау*) органикалық дүниесін (*Қарлығаштау, Қабантау, Түлкілітау*) анықтайтын сөздер тіркескен деуге болады.

Шоқы – таудың, төбенің ең биік жері, немесе оқшау тұрған төбелерге сәйкес келетін географиялық термин. *Қарауылшоқы* – тау 344 м, осы төбе арқылы көшпелілер бағдар алу мақсатында қойылған деп топшылаймыз. *Қарашоқы* ороним құрамындағы “қара” сөзі түсін білдіру, тау, тас, шоқылардың оқшау тұрған биіктіктерін нақты көрсету мақсатында айтылады. Нысанның физикалық - географиялық ерекшеліктерін анықтайды. *Қызылшоқы тау* – 489 м, қыстау, қызыл түсті гранитті массивтерімен ерекшеленеді. Сондықтан, орографиялық терминдерді жіктеуде басты белгі нысандардың түсі (жыныстары, қардың жатуы т.б.) басқа да ерекшеліктер болғанын аңғарамыз (Saparov K. et al., 2016).

Түркі - моңғол тілдерінде *оба* термині шекаралық белгіні білдіретін тас үйіндісі, табиғатқа табыну белгісі ретінде қасиетті тас үйіндісі ретінде қолданылады (Энциклопедиялық анықтамалық, 2006). Моңғол топонимикасында *оба* терминінің мағынасы «тас үйіндісі, шекаралық бел-

гі», «ақтау орналасқан тау, төбе», «арнайы үйілген тас қорымы» болады (Базылхан Б., 1984). Аумақта тарихи оқиғалар арқылы қалыптасқан обалар көптеп кездеседі. Шекаралық белгі ретінде «обалар», тастар, ойыс, шұңқыр жұрт іздері жайылымдардың «қой бүлік» немесе «ата бүлік» қорық жерлердің меншіктік сипатын анықтаған. *Бозоба төбе, Қараоба тау, төбе, Қоңыроба тау, Құрба тау, Сарыоба тау, төбе, Шалоба тау, Шұбароба тау, шоқы* т.б. айтуға болады.

Е. Керімбаевтың дәлелдеуі бойынша Қазақстан оронимдерінің 20 – дан астамының құрамында: *қара, ақ, қызыл, сары, ала, боз, қоңыр, құба, шаған, жирен, ұлан, шұбар, қу* т.б. «түстік» сын есімдер кездеседі. Қазақтың географиялық атауларындағы түр-түсті білдіретін негізінен жайылымдардың түрін белгілеуге қызмет етеді деп жазды (Керімбаев Е.А. және т.б., 2007). Түске байланысты оронимдер аумақтарда көптеп кездеседі. Мысалы, *Ақтас, Ақтау, Ақшоқы, Ақтөбе, Ақтасты, Қарашоқы, Қаратас, Қараадыр, Қоңырадыр, Қоңырқызылтау, Қоңыртөбе, Қызылбиік, Қызылтау, Қызылшоқы, Көктас, Көктөбе, Көкшоқы, Сарыадыр, Сарыбұйрат, Сарыөзек, Сарышоқы* және т.б. атауға болады. Ақ сөзімен байланысты аудан аумағында 31 ороним ұшырасты. Олардың барлығы да географиялық түсті білдіреді. Осы түспен байланысты аталған географиялық жерлер ақ тасты, ақ топырақты, сорлы немесе борлы болып келеді және ақ түсті өсімдіктер мол өседі.

Оронимдік терминдердің топонимдер құрамындағы белсенділігі.

| Саны | Төбе атаулары |
|------|--|
| 99 | <p><i>Ағаш, Аққылы, Ақтасты, Ақыры, Алатас, Алқап, Ақбас, Аңғар, Аюлы, Ауыльный, Байыр, Балақтау, Батыс Алтайлы, Бел, Березовка, Бозоба, Борлық, Бестау, Бұйрат, Бұлақтау, Бүркітті, Жайлау, Жақсы, Жаман, Жаманнұра, Жамантұз, Жетітөбе, Жол, Қабақ, Қазансор, Қар, Қарабас, Қарашиоқы, Қаратұмсық, Қараоба, Қаратас, Қаратүлкі, Қарлығаштау, Киприно, Көкжер, Көктау, Көкөлең, Командный, Көмірадыр, Қойтас, Қоңыртөбе, Қорал, Қосмола, Қосқұдық, Кемер, Кемпір, Кеңгір, Кеңжар, Керегетас, Киік, Күзек, Күзеулік, Кукла, Күнемшек, Құрал, Қызыл, Қызылбиік, Қызылтау, Қызылшоқы, Мәңгі, Мойынты, Молодёжный, Нұра, Ой, Оңтүстік Ортау, Оңтүстік Қызылбиік, Резервный, Сай, Сайғақ, Сайсу, Салбек, Сарыжал, Сарықуыс, Сарыоба, Сарышоқы, Свободный, Сортау, Сынтас, Табақадыр, Тақыр, Таңжер, Тасжарған, Тасқоралы, Тастақ, Тауықбас, Ұзынтөбе, Үйтас, Үлкенсор, Чернуха, Шеген, Школьный, Шойынтас, Шоқпартас, Шоладыр.</i></p> |
| Саны | Тау атаулары |
| 387 | <p><i>Азат, Азбай, Айбат, Айдарлы, Ағашжайлау, Ақбастау, Ақбұйрат, Ақдоңғал, Ақдомалақ, Ақжал, Аққайқаң – Қойтас, Аққоян, Ақмая, Ақнар, Ақсары, Ақсеңгір, Ақтас, Ақтассауық, Ақтасты, Ақтау, Ақтеке, Ақтөбе, Ақшағыл, Ақшоқы, Алабас, Алабасшоқы, Алабұға, Алақұлан, Алтай, Алмалы, Алтуайт, Алтынсандық, Алтынтапқан, Алиын, Амантай, Апандыбұлақ, Аралбай, Аралтөбе, Арқалық, Арқарқамалған, Арқарлы, Атығай, Аршалы, Айғыржал, Айғырұшқан, Айтқантау, Айыртау, Айыр, Аяқтау, Әділие, Әлже, Әулие шоқы, Байқасқатау, Бала Айғырұшқан, Бала Атығай, Бала Қойтас, Бала Қонысбай, Бала Көсе, Балапан, Бала Толағай, Бала Айыр, Бап, Байкене, Байтөре, Бақай, Бататау, Бектау, Белқойтас, Берекеттау, Берікқара, Беріктас, Бесік, Бесікадыр, Биіктау, Бестау, Бестөбе, Бешоқы, Болаттау, Бөлек, Бөлекадыр, Бөрісоққан, Бошаққызыл, Борлытау, Бұғылы, Бұзаутөбе, Бүйректі, Бүркітұя, Бұрма, Бұтақ, Дауын, Демеке, Дөкейқызыл, Домалақ, Доңғал, Дулыға, Егінбұлақ, Егінжол, Екітау, Емиібай, Еркесай, Ешкіөлмес, Жағалбайлы, Жақсы Қарабас, Жақсы Қаражал, Жақсы Тағылы, Жалоба, Жалаңашселтей, Жалпақ, Жалпақадыр, Жалпақтау, Жаманжол, Жаманқарабас, Жаман қойтас, Жаман Кенелі, Жаманоюлы, Жаман Тағылы, Жамантас, Жамантау, Жанат, Жарқынбай, Жартас, Жартаскең, Жартыбайтас, Жасыл, Жекедоңғал, Жекежал, Желдітау, Жонды, Жосалы, Жуандыжол, Жуанқоңыр, Жуантөбе, Жүнді, Жүндіоба, Жыланды, Жыланиық, Жылқыбай, Жылышоқы, Игентас, Иіндіқызыл, Ірімшік, Иса, Итауыз, Қабақ, Қабақтаған, Қабантау, Қабыр, Қазақбайжотатас, Қазғансор, Қазыққұрт, Қайрақты, Қайрақты-Ақшоқы, Қалдырма, Қалмаққырған, Қалпе, Қамбаурай, Қанжығалы, Қапал, Қараағаш, Қараадыр, Қараала, Қарааласүйір, Қарабас, Қарабәйбіше, Қарабиік, Қарабосаға, Қарабұйрат, Қарабұлақ, Қарағанды, Қараеспе, Қаражал, Қаракезең, Қарақойтас, Қарақырқа, Қараматақ, Қарамұрын, Қараөзен, Қараой, Қаратас, Қаратастау, Қаратемір, Қаратікенек, Қаратөбе, Қаратұмсық, Қарауылтөбе, Қарауылшоқы, Қарашың, Қарғалы, Қарғатас, Қарсақбай, Қасқайғыр, Қатпар, Кежеге, Келішектас, Кенелі, Кеңөлке, Кеңшоқы, Кепкен, Киікбай, Қылықентай Ақшоқысы, Кіндіктөбе, Кіші Арқарлы, Кіші Сарыжал, Кішкене Қарабас, Қожса, Қозғанбай, Қойкөл, Қойтас, Қоқынантас, Қоңыр, Қоңырадыр, Қоңырбел, Қоңырқызылтау, Қоңыроба, Қоңыртөбе, Қоржынтөбе, Қорғантас, Қосдоңғал, Қосқол, Қосмұрын, Қосшоқы, Қотансор, Қостанқол, Қотыр,</i></p> |

| Саны | Төбе атаулары |
|----------------------------------|--|
| | <p><i>Қотырселтей, Қотыртас, Қоянды, Қоянши, Қуан, Құдаша, Құжал, Көкаласақал, Көктас, Көктөбе, Көкшоқы, Көнбектас, Көсе, Құжал, Құлтай, Күлбике, Құммола, Қумола, Күнтимес, Құроба, Құрманға, Құстас, Құтұмсық, Қушоқы, Күшік, Қыземшек, Қызықтас, Қызыладыр, Қызылжар, Қызылсораң, Қызылсырт, Қызылтөбе, Қызылтау, Қызылшоқы, Маймақ, Майтас, Манат, Манатай, Матақ, Мәшүр, Медеу, Митейсай, Мұзбелжон, Мұрат, Мұхамедия, Найза, Наршөккен, Наршоқы, Нілді, Нұра, Нұрөскен, Оба, Ойран, Орталық, Ортасынтау, Орташоқы, Отар, Отау, Отқуыс, Оңтүстік Болаттау, Оңтүстік Қызылтас, Оңтүстік Сарыбұлақ, Оңтүстік Үшқара, Өзенжал, Өрқазақ, Садыр, Саздыдоңғал, Сақалбай, Сансызбай, Сарыадыр, Сарыбас, Сарыбұйрат, Сарық, Сарыматақ, Сарықұлжа, Сарыоба, Сарыөзек, Сарытау, Сарытерек, Сары Тоғанбай, Сарышоқы, Сеңгір, Серек, Скала, Сор, Сораң, Сөрелік, Сұлушоқы, Сыздық, Сын, Сымбыл, Сырт, Табақадыр, Тақыржота, Таңқара, Тарақ, Тарақтас, Тартау, Тас, Тасбас, Тасқоралы, Тастау, Тектұрмыс, Текшетау, Тесіктас, Теңетай, Тесіктас, Тиекбай, Тілеулі, Тоғызбай, Толағай, Тёмная, Түбек, Түйесу, Түйетас, Түлкілітау, Тынышбек, Ұзынбұлақ, Ұзынжал, Ұзынтау, Ұзыншоқы, Үкіжарқын, Үйтас, Үлкен, Үлкен Ақмая, Үлкен Алабас, Үлкенжал, Үлкен Қараоба, Үрпек, Ұста, Үшқара, Үшқұдық, Үшқызыл, Үштаған, Үштөбе, Ұялы, Ханжолы, Черный Мыс, Шағыр, Шалоба, Шаңырақтас, Шаушөк, Шауын, Шауыпкелді, Шетишоқы, Шоқпартас, Шоқы, Шоқыбас, Шолақсеңгір, Шолақтүлкі, Шолтас, Шотан, Шұбарайғыр, Шұбароба, Шумақ, Шұнақ, Шыбықианышқан, Шығыс Керегетас, Шығыс Үштөбе, Шығыс Сусызтау, Шырын, Ыбырайдоңғал</i></p> |
| <p>Саны 46</p> | <p style="text-align: center;">Шоқы атаулары</p> <p><i>Айдарлы, Ақжал, Ақсораң, Ақтас, Ақтөбе, Ақұзын, Ақшағыл, Ақшоқы, Аралтөбе, Аяқала, Аяқіндік, Бағалық, Байқасқа, Байыр, Балақтау, Балталы, Басала, Бөлектөбе, Бозоба, Боранбай қойтасы, Борлық, Бортас, Жалпақсары, Жері, Қазансынған, Қарашоқы, Қурайлы, Қырықбас, Қырықтас, Кіші Алабас, Көкшоқы, Митейтас, Ордабас, Ортаала, Сарыоба, Сарысу, Сораң, Сорбиік, Сортау, Тасшоқы, Ұзынжал, Үрпек, Үштаған, Шідер, Шойынтас, Шұбароба</i></p> |

Ауданда қара сөзіне байланысты жасалған оронимдер саны өте көп. Бұл сөзден жасалған оронимдер негізінен географиялық түсті білдіреді. Сонымен қатар қара термині «қарапайым», «аса биік емес» мағынасында да қолданылады. Аудан жерінде осы сөзге байланысты 48 ороним кездеседі. Ғ. Қоңқашбаевтың пікірінше, қара географиялық термин ретінде қазір жеке қолданылмайды. Бірақ та оронимдер құрамында өзінің байырғы «тау», «төбе» мағынасында сирек те болса ұшырасады (Конкашпаев Г.К., 1949). Мысалы: Берікқара, Үшқара, Таңқара. Осыдан оронимдер құрамындағы қара сөзі

алғашқы компонентте түс пен реңк мағынасын /анықтауыш/, ал екінші компонентте тау, төбе мағынасын /зат/ білдіретінін байқадық.

Сарыарқа өңірінде қоңыр деп бетінде өсімдік өсетін топырақты төбелерді атайды. Қоңырлар қыста малға жақсы жайылым бола алады. Осы түске байланысты ауданда 8 ороним бар. Олардың көбі түске және географиялық ерекшелігіне байланысты аталған. А. Әбдірахманов осы қоңыр сөзін моңғол тіліндегі хонхор//хонхур сөзінің дыбыстық тұрғыдағы өзгерген түрі деп қарастырады (Әбдірахманов Ә., 1975). Моңғолша хонхур – «ой, шұңқыр, үңгір, сай, жыра»

мағынасын білдіреді. Қызыл түс атауы аудан территориясында 18 оронимде кездесті. Негізінен жер бедерінің дөңес пішіндерінің атауларында қалдық массивтер мен аласа тауларда таралған қызыл түсті граниттерге қатысты болса, ойыс, тегіс жер бедері жағдайында қызыл түсті шөгінділермен байланысты атауларда кездеседі. К.Д. Каймулдинова бұл өңірлерде қызыл лексемасының жергілікті ландшафт ерекшелігіне байланысты семантикалық ығысуы жүргенін анықтаған: оронимдерде постпозицияда тұратын қызыл жалпы «қызыл түсті жыныстардан тұратын, жер бедерінің дөңес пішіні» мағынасындағы семантикалық реңке ие болады (Каймулдинова К.Д., 2010).

Ғ. Қоңқашбаев көк терминінің екі мағынада қолданылатындығын көрсетті: 1. «жасыл жайлау»; 2. «көк шөпті ойпаң, сулы жер» (Қоңқашпаев Ғ.К., 1949). Аудан жерінде кездесетін кейбір оронимдердің мағынасын осы екінші топқа жатқызамыз. Сары сөзіне байланысты атаулар географиялық жер бедеріне емес, сол жердегі өсімдіктер түсіне байланысты аталған. Бұл өңірдегі Сарыөлке атауы да осы өсімдіктер дүниесінің түсіне байланысты болуы мүмкін. Себебі, бұл өлкеде көктемде бітік шыққан шөп жаз, күз, қыс айларында және көктем шыққанда да сап-сары болып жатады. Сары терминіне байланысты аудан жерінде 21 ороним кездесті (кесте 2).

ҚОРЫТЫНДЫ

Оронимдердің құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болып табылады. Оронимдердің пайда болу себебі-ғасырлар бойы дала бойын мекен еткен көшпенділердің сол далада шұрайлы жерлер іздеп, босқа көше бермегенін, өздерінің табиғат туралы ұғым-түсінігін шыңдап, сол табиғатты рухани әлеміне айналдыра білгенінің айғағы деп айтуға болады. Ертедегі адамдар жер бедерінің жаратылысын түсіне алмаса да, әртүрлі ландшафттарды шаруашылық мақсатта орынды пайдаланған. Осындай факторлардың сабақтастығына назар аударатын отырып, өңірдің оронимиясы табиғат, жа-

ратылыс заңдылықтарымен айқын ажыратылған жүйе ретінде қарастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдірахманов Ә. Топонимика және этимология. - Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.
2. Базылхан Б. Монгол – қазақ толь. - Өлгий, 1984. - 886 б.
3. Егинбаева А.Е. Сарыарқа топонимикасы. – Алматы: ССК, 2019. – 224 б.
4. Жеріңнің аты – Елімнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруана Ltd ЖШС, 2006. – 808 б.
5. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: Монография. - Алматы.: «Те-Color» баспасы, 2010. - 280 б.
6. Керімбаев Е.А. Лексика-семантическая типология оронимии Казахстана. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. - 24 с.
7. Керімбаев Е.А., Тілеубердиев Б.М., Дүйсенбі Қ.Т. Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі. – Шымкент: КітапЖШС, 2007. – 352б.
8. Қоңқашпаев Ғ.К. Казахские народные географические термины. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1949. - 15 с.
9. Қоңқашпаев Ғ.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН Каз. ССР, сер. географ. – 1951. – Вып.3. – С. 3-47
10. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қарағанды облысы. 6 том. - Алматы, 2016. – 311 б.
11. Сапаров К.Т., Егинбаева А.Е., Абдуллина А., Нурпейсова А.М. Қазақстанда топонимиканың географиялық бағытының қалыптасуы мен даму жолдары. Научный периодический журнал «Вопросы географии и геоэкологии». №4. - Алматы, 2020. – Б. 67-75.
12. Saparov K., Yeginbayeva A.Ye., Aralbekova M., Atasoy E., Kizilgaoğlu A., Wendt Jan A. The role of GIS mapping method in toponymy research. EBSCO. Uludağ Üniversitesi, Fen Edebiyat Fakültesi, Sosyal Bilimler Dergisi және Doğu Coğrafya Dergisi, Turkey. Yil: 19, Sayı: 30, 2016/1. – P. 11-18.
13. Saparov K., Yeginbayeva A.Ye., Chlachula J. Toponymy of the ancient Sary-Arka (North-Eastern Kazakhstan). QUAESTIONES GEOGRAPHICAE. ISSN 0137-477X, eISSN 2081-6383. 37 (3), 2018. – P. 35-52.

14. Saparov K.T., Yeginbayeva A.Ye., Nurgalieva G.Zh., Kulzhanova S.M., Atasoy E., Wendt Jan A. The question of Kazakh national and geographical toponymic as a potential factor of tourism development. *GeoJournal of Tourism and Geosites*. ISSN 2065-0817, E-ISSN 2065-1198. Year X, no. 1, vol. 19, May 2017, p.115-125.

15. Yeginbayeva A.Ye., Saparov K.T., Atasoy E. Toponymic Approach to the Study of Landscape Dynamics. *Oxidation Communications*. – Bulgaria, Sofia. – Vol. 38, – No 4A, 2015. – P. 2302–2312.

REFERENCES

1. *Əbdirakhmanov Ə.* Toponimika zhəne etimologiya. - Almaty: Fylym, 1975. – 207 b.

2. *Bazykhan B.* Mongol – kazakh tol'. - Əlgii, 1984. - 886 b.

3. *Eginbaeva A.E.* Saryarqa toponimikasy. – Almaty: SSK, 2019. – 224 b.

4. *Zheriñniñ aty – Elimniñ khaty.* Entsiklopediyalyq anyqtamalyq. – Almaty: Aruana Ltd ZhShS, 2006. – 808 b.

5. *Kaimuldinova K.D.* Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: Монография. - Almaty.: «Te-Color» баспасы, 2010. - 280 b.

6. *Kerimbaev E.A.* Leksika-semanticheskaya tipologiya oronimii Kazakhstana. Avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1988. - 24 p.

7. *Kerimbaev E.A., Tileuberdiev B.M., Dýisenbi Қ.Т.* Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі.–Shymkent: KitapZhShS, 2007.–352b.

8. *Konkashbaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy. Avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1949. - 15 p.

9. *Konkashbaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy // *Izv. AN Kaz. SSR, ser. geograf.* – 1951. – Vyp.3. – P. 3-47

10. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қараранды облысы. 6 том. - Almaty, 2016. – 311 b.

11. *Saparov K.T., Eginbaeva A.E., Abdullina A., Nurpeisova A.M.* Қазақстанда топонимиканың географиялық бағытының қалыптасуы мен дамуы жолдары. *Nauchnyi periodicheskii zhurnal «Voprosy geografii i geoekologii».* №4. - Almaty, 2020. – B. 67-75.

12. *Saparov K., Yeginbayeva A.Ye., Aralbekova M., Atasoy E., Kizilgaoğlu A., Wendt Jan A.* The role of GIS mapping method in toponymy research. EBSCO. Uludağ Üniversitesi, Fen Edebiyat Fakültesi, Sosyal Bilimler Dergisi zhəne Doğu Coğrafya Dergisi, Turkey. Yil: 19, Sayı: 30, 2016/1. – P. 11-18.

13. *Saparov K., Yeginbayeva A.Ye., Chlachula J.* Toponymy of the ancient Sary-Arka (North-Eastern Kazakhstan). *QUAESTIONES GEOGRAPHICAE.* ISSN 0137-477X, eISSN 2081-6383. 37 (3), 2018. – P. 35-52.

14. *Saparov K.T., Yeginbayeva A.Ye., Nurgalieva G.Zh., Kulzhanova S.M., Atasoy E., Wendt Jan A.* The question of Kazakh national and geographical toponymic as a potential factor of tourism development. *GeoJournal of Tourism and Geosites*. ISSN 2065-0817, E-ISSN 2065-1198. Year X, no. 1, vol. 19, May 2017, p.115-125.

15. *Yeginbayeva A.Ye., Saparov K.T., Atasoy E.* Toponymic Approach to the Study of Landscape Dynamics. *Oxidation Communications*. – Bulgaria, Sofia. – Vol. 38, – No 4A, 2015. – P. 2302–2312.

ЗАКОНОМЕРНОСТИ РАЗМЕЩЕНИЯ ОРНИМОВ ШЕТСКОГО РАЙОНА

А.Е. Егинбаева * PhD, доцент, **Қ.Т. Сапаров** д.ғ.н., профессор

НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»,
г. Астана, Казахстан
E-mail: aeginbaeva@mail.ru

В статье рассмотрена система оронимов, характеризующих особенности рельефа местности Шетского района Карагандинской области. Пространственные закономерности распространения и концентрации системы оронимов территории, различающиеся разнообразными формами рельефа, активность оротерминов в составе

топонимов были дифференцированы на основе фактических данных, подтвержденных в таблицах и картах. Также была определена степень выраженности типичных видов оронимов в географических названиях на основе ландшафтных особенностей, проведены этимологические исследования.

Ключевые слова: ландшафтная система, оронимы, формы рельефа, метафорические термины, геоморфологические щиты, состояние природы, термины индикаторы, Казахский мелкосопочник, географическое понятие.

REGULARITIES OF THE PLACEMENT OF ORONYMS OF THE SHET DISTRICT

A.Ye. Yeginbayeva * PhD, associate professor, **K.T. Saparov** doctor, professor

NAO «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Astana, Kazakhstan

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

The article considers the system of oronyms that characterize the features of the terrain of the Shetsky district of the Karaganda region. The spatial patterns of distribution and concentration of the oronym system of the territory, which differ in various landforms, and the activity of orotermes in the toponyms were differentiated on the basis of actual data confirmed in tables and maps. The degree of expression of typical types of oronyms in geographical names was also determined on the basis of landscape features, and etymological studies were conducted.

Keywords: landscape system, oronyms, relief forms, metaphorical terms, geomorphological shields, state of nature, indicator terms, Kazakh upland, geographical concept.